

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылы 30 қарашадағы № 289-ө бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 6 мамырдағы № 165-ө бұйрығы

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2007 жылы 30 қарашадағы № 289-ө бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 8 қаңтардағы № 5081 болып тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің аумақтық органдарының, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының құрылымдық бөлімшелерінің назарына жеткізсін.

3. Стратегиялық даму және жоспарлау департаменті (А.Ә. Қайырбекова) белгіленген тәртіпте бір апта мерзімде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдасын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Г. Әбдіқалыкова